

**«Үздік әлеуметтік жобалар»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «**Үздік әлеуметтік жобалар**» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: дарынды балаларды анықтау және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету.

3. Міндеттері:

1) балалар мен жастардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;

2) балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділіктерін, өзін өзі жетілдіру және өзін өзі дамыту қажеттіліктерін дамыту;

3) бастамалар және инновациялық стартаптарды жүзеге асыру үшін алаң құру;

4) қоғамдық белсенділік және әлеуметтік жобалау дағдысын дамыту.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 20 ақпаннан 20 сәуірге дейін** rumsdo.konkurs@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 20 сәуірден кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 5 мамыр** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ-та жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа: **1500 (бір мың бес жүз)** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: **«Үздік әлеуметтік жобалар»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

Байқауға қатысу үшін электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

- 1) орта жас тобы: 11-14 жас;
- 2) жоғары жас тобы: 15-17 жас.

10. Бейнероликтер байқауы келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Менің отбасым – менің тірегім». Байқауға жас отбасын қолдау механизмдерін қалыптастыруға, жағдайы нашар отбасылардың санын азайтуға, жастардың бойында жақсы қарым-қатынасты бекіту және дамытуды құруға бағдарланған дұрыс өмірлік құндылықтардың пайда болуына, рухани-адамгершілік отбасылық дәстүрлерді жандандыру мен сақтауға бағытталған әлеуметтік жобалар ұсынылады.

2. «Салауатты өмір салты – біздің таңдауымыз!». Байқауға балалар мен жастарды спортқа тартуға және салауатты өмір салтының мәдениетін дәріптеуге бағытталған әлеуметтік жобалар ұсынылады. Бұл жобаның мақсаты жастардың санасында денсаулықты әлеуметтік құндылық ретінде танытуға, темекі тарту, ішімдік және есірткі қолдану мәселелері бойынша мәліметтер алу деңгейін және сапасын арттыру.

3. «Қайырымды жүрек – қайырымды іс». Байқауға келесі бағыттар бойынша әлеуметтік жобалар ұсынылады:

қарттарды, әлеуметтік осал топтардағы балаларға және басқаларға қолдау және көмек көрсету;

кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы мінез-құлық әрекеттерінің алдын алу;

халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобынан шыққан балаларды бейімдеу;

балаларды табиғи апаттар салдарын жеңуге және жазатайым оқиғалардың алдын алуға дайындау.

Бейнематериалдың қазақ немесе орыс тілінде сапалы дыбысталуы, AVI, MPEG пішімінде сапалы көрінісі болуы қажет. Файл көлемі 15 Мб, ұзақтылығы 5 минуттан артық емес. Жұмыс техникалық жағынан аяқталған болуы тиіс.

11. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- 1) жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;
- 2) әлеуметтік тиімділігі, шығармашылық жобаның өзектілігі шешілетін әлеуметтік мәселелері мен жобаның маңыздылығы;
- 3) жобаның міндеттері бойынша жұмыс жоспарының болуы;
- 4) жобаны іске асыруға қажетті шарттарды сипаттау (жеке, материалдық-техникалық, ақпараттық);
- 5) әлеуметтік мәселелерді шешудегі жаңашыл көзқарас;
- 6) жобалау кезінде заманауи инновациялық технологияларды, нысандарды және әдістерді қолдану;
- 7) болжамды нәтижелердің сипаттамасы (болжамды нәтижелердің шынайылығы және жобаның болашақтағы дамуы: жергілікті деңгейдегі нақты аудиторияның жоба бойынша сұранысы);
- 8) зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, автордың қосқан жеке үлесі;
- 9) жұмыстың ресімделуі.

12. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде бөлек ақша төленеді.

13. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

- облысы, аудан (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;
- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- e-mail, байланыс телефондары;
- жетекшісінің аты-жөні (білім алушының).

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың

электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Үздік әлеуметтік жобалар» байқауы → әрі қарай.

Анықтама телефоны: 7 (7172) 249 303 («Үздік әлеуметтік жобалар» байқауы.

1 қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекенжайы	Білім беру ұйымның атауы (ҚММ, ММ, КМҚМ), жасы	Байқаудың аталуы, номинациясы	Байланыс телефоны	Жетекшісінің аты-жөні (жұмыс орын, лауазымы, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7

2 қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

«Үздік әлеуметтік жобалар» республикалық интернет- байқауы

Номинация:

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы:

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы,
Шарбақты ауылы, №1 орта мектебі, 11 жас. (қазақ және орыс тілдерінде)

Жетекшісі: Петрова Инна Ивановна

2017 ж.